



SOCIAL MENTALITY AND RESEARCHER THINKERS JOURNAL

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed

ISSN: 2630-631X



Social Sciences Indexed

www.smartofjournal.com / editorsmartjournal@gmail.com

January 2017

Article Arrival Date: 10.10.2016

Published Date: 30.01.2017

Vol 3 / Issue 4 / pp: 10-15

Музыка – Адамзат Баласын Татулық Пен Достықта Өмір Сүруге Негіздейтін Алапат Күш

The Power Which Creates A Peacefull Environment For People : Music

Amanbay MOLDİBAEV

Assoc.Prof.Dr., Taraz State Pedagogy University, Kazakhstan

ТҮЙІНДЕМЕ

Бүгінгі нарықтық кезеңде білімді ізгілендіре отырып, қоғамды адамгершілік тұрғыдан жаңартудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жүзеге асыруға жан-жақты дайын, бәсекеге қабілетті, жаңа тұрпатты жеке тұлға тәрбиелеу заман талабына айналып отыр. Аталған мәселені шешу жолдары «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!», «Қазақстан – 2050 стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Ұлт жоспары – 100 қадам», т.б. бағдарламалық құжаттарда жан-жақты көрсетілген.

Негізгі сөздер: музыка, бейбітшілік

ABSTRACT

The noble treasure of this life, respect for the music of the golden fund, the ability to choose pure folklore and classic safari gold, is one of the key indicators of the key figures of all civilized countries. If we look at the fertile nature and richness of the folk music that has been formed over the centuries and nowadays have become popular for the public, this art is born prematurely, boiling, developed, rare phenomenon, invaluable value in its boom. Every nation of today, living on the surface of the globe, has a duty to preserve its values and respect the heritage of other peoples, to communicate with them and to learn different ways of development.

Key Words: Music, Peacefull Environment

Бұл өмірдегі асыл қазына, алтын қордың ішіндегі музыка өнеріне ден қойып құрметтеу, оның ішіндегі фольклорлық және классикалық саф алтындай таза өнерді талғай – таңдай білу, барша өркениетті ел өкілдерінің басты білімділік көрсеткіштерінің бір қыры болып табылады. Ғасырлар бойы қалыптасқан және бүгінге жетіп, қалың жұртшылықтың игілігіне айналып отырған халық музыкасының құнарлы табиғаты мен бай қорын бізге дейінгі зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып бағамдайтын болсақ, бұл өнер саласы дүниеге өте ерте кезден келген, өз қазанында қайнаған, дамыған, сирек кездесетін құбылыс, баға жетпес құндылық. Жер бетіндегі замандаса ғұмыр сүріп жатқан әрбір ұлт өкілдері өз құндылықтарын сақтай отырып, өзге халықтардың да асыл мұраларын құрметтеп, олармен тығыз байланыста және дамыту жолдарының түрлі қыр – сырларын үйреніп білуге міндетті.

Тарихтан белгілі Пифагор, Аристотель, Қорқыт ата, Мұхаммед Исмайыл Бұхари, бүкіл әлемнің екінші ұстазы болған, ғылымның барлық түрін игерген қазақ түркілері Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұт (Мұхаммед) Қашғари, Жүсіп Баласағұн, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, Жиен жырау, түрікмен түркісі Мақтымқұлы, ибн Гайби Мараги, Ахмадилар жалпы музыка жайлы және теориясы туралы жазса, Бах, Гендель, Моцарт, Бетховен, Шуберт, Шуман, Штраус, Паганини, Шопен, Глинка, Чайковский және т.б. – музыканың классикалық алыптары.

«Жаратушы ие адам баласын толық қалыптастырып біткен соң, жер бетіне өнер беретін, өнердің құдіретін дарытатын қасиетті ақ құсын ұшырыпты», – дейтұғын бабалардан қалған даналық сөз бар. «Ақ арманды арқалаған сол ақ құс өзен-көл, мұхиттар үстімен қалықтап

жетіпті де, тіршілігі той мен думанға бөленген халықтарға келгенде тым төмен ұшыпты, содан ол жерге қасиетті өнер молынан дамыпты», – деседі.¹

Бұл аңыз ақиқатқа бергісіз болуы да мүмкін. Себебі, өнердің бір кені қайда десеніз – ол халықтардың фольклорлық музыкасында, яғни адамзат баласының лүпілдеген жүрегінде. Әншілік, жыршылық, жыраулық, күйшілік өнер салалары түбі бір түркі халықтарында жетерлік. Зерттеуімізге арқау болған түркі мәдениетіндегі музыкалық дәстүр қуаты зор.

Ұлы киелі өнердің ішіндегі музыка саласы адамзат баласын тәрбиелеуде үлкен роль атқаратыны әлімсақтан белгілі. Рухани даму жолының небір қилы кезеңдерін артқа тастап, халық музыкасы да қарқындап, алға жылжу және даму үстінде. Барлық елдерде қазіргі таңда білім беру саласын дамыту ісі, сапаландыру, жаңғырту, технологияландыру мен инновациялық, интерактивтік үрдістер мүмкіндігін толыққанды пайдалану істері қарыштап дамып келеді. Ғарыштық ғаламтор жайлаған кеңістікте жер бетін мекен еткен халық сол үрдістің үддесінен шығу мақсатында, үздіксіз білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім кеңістігіне кіру және сапалы білім беру үшін барынша еңбектенуде. Жаһандану табалдырығында тұрған қазіргі кезеңде өркениеттің жоғары даму сатысындағы елдерде білім берудің жаңа модельдері іске қосылып, бірлескен білім бағдарламалары құрылуда.

Қазақта «Ақыл – ауыс, ырыс – жұғыс» деген әдемі сөз бар. Бұл көрші жатқан елдердің бір-біріне рухани ықпалының болып отыратынын, қоңсылық қайырымды меңзеген сөз. Музыкалық таным, тәрбиенің басты мақсаты бұрыннан қалыптасып келе жатқан әлемдік классикалық музыкаға жастарды жақындастыру, белгілі композиторлардың, музыкант шебер орындаушылардың өнегелі өмір жолдарына зер салғызып, ұмтылдыру, шығармашылығымен таныстырып, тәрбие негізін солардың үлгісінде қалыптастыру болып табылады. Рухани ішкі дүниесі бай, адами қасиеті бар, білімді де білікті жеке тұлғаны қалыптастыру яғни тәрбиелеу жалпы адамзат баласының шешуін дұрыс жолға қоя алмай келе жатқан басты мәселелерінің бірі. Бұл мәселе шешімін дұрыс тапса әлем бойынша ертеңгі болашақ ұрпақты этногендік рухта тәрбиелеудің, олардың дүниеауи көзқарасының «адам – адамға дос, бауыр» негізінде дұрыс қалыптасуына себепші болар бірден-бір сара жол табылмақ. Қазіргі кездерде жастарға білім берудің кешенді тұрғыдағы жобаларын, әр халық, әр ұлт өз деңгейлерінде жасап, дамыту үстінде. Бұл тұрғыда әлемдік музыка мәдениетіне біртұтас мәдени-рухани құбылыс ретінде, тәрбиелік мән-мағынаға ие алапат күш ретінде ден қойып, оның пайда болу және е жолдарын зерделеу, музыкалық мәдениетті этностық тарихи-әлеуметтік өмірмен шендестіре сабақтастыра саралау қажет.

Халықтар арасында халық музыкасы туыс елдерге де тән этногендік сипатта түбі бір екені көрініп тұрғанымен қоймай, үздіксіз орындалып отырады. Оған мысал ретінде түркі тілдес туыс халықтардың көпшілігіне ортақ, ел ішінде айтылып, орындалып жүрген «Көроғұлы», («Кер оғұлы», «Түрікпен күйі» деп те аталады) «Алпамыс», «Алпамыш» т.б. жырлары мен күйлерді дәлел ретінде келтірсек те жетіп жатыр. Түркия мемлекетінің атақты композиторы Сейгун Ахмет Аднан осы «Көроғұлы» эпосын опералық қойылым ретінде жазып, халыққа ұсынғаны да туыстық негіздегі халықтар достығының алтын көпіріндей. Ал «Халықтар достығы» орденді Қазақ ұлттық Құрманғазы атындағы академиялық оркестрінің дирижері Алдаберген Мырзабеков «Көроғұлы» күйін әрлеп оркестрге түсірді, ол оркестр репертуарынан ұзақ жылдар бойы берік орын алды (Осы мақаланың авторы да танымал оркестр құрамында біраз жыл қызмет атқарды). Қазақстандық «Белес», «Ұлытау», «Көне Тараз» ансамблдері де бұл күйді әр мемлекеттерде болғанда орындап, елдің ыстық ықыласына бөленіп жүр. Әсіресе Анкарада өтетін халықтар достығы мен ынтымақтастығы өнер фестивалінде де жиі орындалып жүрген туынды.

¹ Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Күлтегін баспасы. – А., 2002ж. – 36

Күйдің шығу тарихы көне эпос «Көр оғылы» жырының тарихымен сабақтас өрбиді. Күйді шығарушы қазақтың классикалық күйшісі XIX ғасырда өмір сүрген атақты Дәулеткерей Шығайұлы. Эпостық жырда көне түркілік жаугершілік замандағы көрде туылған батыр оғыланның (ұлан) жауды жеңіп, жеңіспен атын ойнақтатып келе жатқан кезі суреттеледі. Күйдің әуенінде ескілікті түрікпен әуендерін кең түрде және кереметтей нақышпен өрнектеле қолданылғанын мақтанышпен айтуға болады. Домбыра шанағынан асып-төгіліп жатқан күй естіген жанды бей-жай қалдырмасы анық.

Қазақтың қара домбырасының шығу тарихы да тым тереңде жатыр. 1988 жылы Республикалық Арай журналына «Ғасырлардан жеткен үн» деген Советқазы Ақатаевтың мақаласы шықты. Онда тарихшы тастағы көне таңбаларды зерттей келе, оларда домбыра мен қобыздың кескіні салынғанын анықтап және сол суреттерден мысал келтіре отырып, былай дейді: «көне аспаптардың нобайы б.д.б 8 – 14 мың жыл бұрынғы үнді құлаққа жеткізгендей. Сурет Орта Азияның қыратты далаларынан табылды»¹.

Бұл деректен және де басқа да зерттеу көздерінен байқайтынымыз, қазақтың музыкалық домбыра, қобыз аспаптарының тарихы тас ғасырларынан бастау алып, бізге жетіп отырғандығы. Белгілі археолог-ғалым С.И. Руденко таулы Алтай өңіріндегі мәңгілік тоңның құрсауында жатқан бесобаға 1929 жылы және 1947-49 жылдары қазба жұмыстарын жүргізеді. Бұл қазба жұмыстарының нәтижесі тарихи деректерге Пазырық қорғандарының олжасы деген атпен белгілі. Пазырық қорғанынан жаңаша жыл санауға дейінгі V-III ғасырларда ғұмыр кешкен көшпелі тайпалардың материалдық мәдениетіне қатысты ғылым үшін мейлінше бағалы заттық айғақтар табылған. Сол заттық айғақтардың ішінде б.з.д. IV ғасырларда жасалған қобыз аспабы ерекше назар аудартады. Қос ішегі және қос құлағы бар қобыздың айтарлықтай биік жасалған тиегі шанақ бетіне керілген сірі көңге орнатылған. Белгілі ғалым В.Н.Басиков Пазырық қорғанынан табылған қобыздың жаңғыртпасын жасаған. Дәл осындай көптеген мәлімет, айғақтарға сүйене отырып, белгілі ғалым В.О.Виноградов мынадай қорытынды жасайды: «Орта Азия ыспалы аспаптардың отаны болған, бұл өңірлерден басқа халықтарға ыспалы аспаптармен қатар, шертпелі аспаптар да тараған»².

Скифтер арасында аспаптық музыканың болғаны жөнінде Гомердің «Илиадасына» жазған түсініктемесінде байырғы схолилер былай дейді: «Скифтер жылқының кісінегенінен күйдің күмбірін артық көреді»³.

Ресейдің Эрмитажында сақтаулы тұрған, қазақ даласынан табылған б.д.б. V ғасырда жасалған қобыздың қаңқасы да сөзімізге дәлел болмақ. Бұл жазбалардан байқайтынымыз жер бетін мекендеген халықтардың көрші халықтар мәдениетін суреттеуге деген ұмтылысы, ынтымақтыққа деген ізденісі. Мұнда жемісті өзара іс – қимыл мен ізгі көршілестікке деген ортақ ұмтылыс, ықпалдастық анық байқалады. Біздің барлығымыз тек бірлескен өткеніміздің бай тәжірибесі ғана емес, сондай-ақ, бөлінбейтін ортақ тарихи болашағымыз бар ұлттардың жаңа ғажайып еуразиялық қоғамдастығы пайда болуына куәгерлер болып табыламыз.

Музыкада халықтар арасында шекара жоқ, қай елде болмасын, ол барлық адамзат баласына ортақ, еш аудармасыз-ақ түсінікті, әрі сүйіспеншілік сезімін оятатын алапат күш. Сөзімізге дәлел ретінде менің інім және де шәкіртім болып келетін Малдыбаев Мадьяр басқаратын «Белес» тобы Америкада фольклорлық фестиваль-конкурста Гран-Приді жеңіп алды. Анкарада өткен фестивальде ел сүйіспеншілігіне оранды. Франция, Германия, Англия, Қытай, Ресей ж.т.б. толып жатқан мемлекеттерде гастрольдік сапармен болып, елдің ыстық ықыласы мен достық пейілімен қауышып жүр. Бұл топ туралы шетелдік және отандық теле арналар, газет-журналдар жарысып жазып жатады.

¹ Ғасырлардан жеткен үн // Арай журналы. – А., №8, 1988ж. – 5б.

² Виноградов В.О. О музыкальной археологии // Советская музыка журналы, – М., №5, 1977. – 87бет.

³ Акселеу Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002. – 24 бет.

Таяуда дәл осындай музыкалық ансамбль мен оның жетекшісі Секен Тұрысбеков туралы Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде «Ақ жауын шайған дүние» атты мақала жарық көрді. Халықтардың достығын нығайтып жүрген олар жайлы былай деп жазылды: «Ақ жауын» оркестрі алғаш құрылған кезден бастап Қытай, Жапония, Франция, Германия, Моңғолияда концерт қойған С.Тұрысбектің, әсіресе Токио мен Үрімжіге барған сапары есте қалған. Әр күйді ойнар алдында шығу тарихын айтып отыратын Секен «Көңіл толқынына» келгенде сәл бөгеліп, дағдарып қалғанда, конференсье «Семей-Невада» – «Хиросима-Нагасаки» деп хабарлап жіберіпті. Ешқандай аудармасыз жеткізілген осы сөзден кейін «Көңіл толқынына» тебіренген жапондар жылап отырып, күйді екінші рет орындатқан екен. Бұл – көкірегінің көзі, құлағының саңылауы бар адамға аударманы қажет етпейтін күйдің ғажайып құдіреті. Ал Үрімжіге барғанда қытайлар «Сакң, Сакң» деп орындарынан тұрып қошемет көрсеткені сонша, әр күйді қайталап ойнаған. Қазір Үрімжіде ауа айы мәліметінде экраннан тыс Секеннің «Ақ жауын» күйі орындалып тұрады екен¹.

Құдыретті өнердің ішіндегі музыка саласының адамзат баласын тәрбиелеуде үлкен роль атқаратыны әлімсақтан, яғни көне замандардан белігілі. Рухани даму жолының небір қилы кезеңдерін артқа тастап, қазақ халқы да қарқындап, алға жылжу үстінде. Елімізде қазіргі таңда білім беру саласын дамыту ісі, сапаландыру, жандандыру, технологиялау мен инновациялық, интерактивтік қозғалыстар мүмкіндігін толыққанды пайдалану істері қарыштап дамып келеді. Ғарыштық ғаламтор жайлаған кеңістікте дала төсін мекен еткен қазағымыз да сол үрдістің үдесінен шығу мақсатында, үздіксіз білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру және сапалы білім беру үшін, аянбай еңбектенуде.

Халықтардың достық қарым-қатынасын нығайту, рухани тығыз байланыс және музыка арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады:

- 1) Адамның жан дүниесін түсінуге;
- 2) Жаман жолдан жақсы жолға ауысуға;

3) Музыканың сазды үні арқылы жастардың бойына адами қасиетті ендіруге болады. Бұл тұрғысында «Әлемдік екінші ұстаз», Орта Азиялық ғұлама Әл Фараби былай деген: «..Бұл ғылымның (яғни музыканың дегені) өзінің байсалдылығынан айырылған адамдарды түзеуге, қызба адамды қалпына түсіруге, байсалды адамды әр уақытта бір қалыпта ұстауға құдіреті әбден жетеді»².

Музыкалық тәрбие берудің басты мақсаты – жастардың шығармашылық ой-өрісін және жеке қабілеттілігін дамыту, халық музыкасы мен классикалық шығармаларды түсіне отырып қабылдай алатын, музыка өнері арқылы өмірдегі әсемдікті, сұлулықты сезіне білетін, ішкі рухани дүниесі бай, жеке тұлға ретінде эстетикалық талапқа сай, қоғамдық ортада беделді тұлғаны қалыптастыру.

Жастарға музыкалық білім беру жұмыстарында музыканы тыңдату, орындату, қызығушылығын ояту, музыкамен өмір, табиғат заңдылықтарының тығыз байланыстылығын сездіру істері күнделікті өрбіп отыруы тиіс. Ғалымдардың пайымдаулары бойынша музыкамен тәрбиелеу ана құрсағында жатқанда басталады. Сәби «шыр» етіп дүниеге келгеннен бастап, анасының әлдиімен музыканың құшағына бөленеді. Бұл тұрғысында қазақтың көрнекті ақыны Абай Құнанбаев былай деген: «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең!» (мұндағы өлең дегені – музыка)³.

¹ Руда Зайкенова. Ақ жауын шайған дүние // Егемен Қазақстан. – А., 14.10.2016 жыл.

² Қалиев С. Халық педагогикасы. – А., 2002. – 766.

³ Құнанбаев А. Қара сөздері. – А., 2009. – 286.

Ол үшін білім мекемелерінің сипатына және деңгейіне сәйкес, оқу жоспарларына музыка пәнін ендіру айтарлықтай нәтиже береді, мәселен оқушы тұлғасының рухани-адамгершілік тұрғыда үйлесімді дамуына негіз болады.

Халықтар достығы осы таңға дейін сан ғасырларды артқа тастап өсіп – өніп, өркендеп, өркениеттіліктің туын желбіретіп келеді. Қай ғасыр, кезеңдерді алып қарасақ та елдіктің тұтқасын ұстаған хандардың, сұлтандардың, халық қамын ойлаған абыздардың саясаты көрші тұрған мемлекеттермен ара қатынасын экономикалық тұрғыдан болсын, мәдени тұрғыдан болсын таразы басын тең ұстап, халықтың мүддесін жоғары ұстауға тырысқандығы байқалады. Еуразиялық одақ идеясының тарихи, этно-мәдени және әлеуметтік-экономикалық алғышарттары бар. Белгілі тарихшы Лев Гумилев атап өткендей: «ішкі Еуразия халқы славян-тұрандық қауымдастығымен көзге түседі, яғни қауымдастық жай этникалық қана емес, суперэтностық мәнге ие орасан зор кеңістік болып табылады. Онда батыс еуропалық, славяндық, түркілік этномәдени құндылықтарды топтастырған әр алуандылық байқалады»¹.

Бұдан байқайтынымыз жер бетін мекендеген халықтардың көрші халықтар мәдениетін суреттеуге деген ұмтылысы, ынтымақтыққа деген ізденісі. Мұнда жемісті өзара іс-қимыл мен ізгі көршілестікке деген ортақ ұмтылыс, ықпалдастық анық байқалады. Біздің барлығымыз тек бірлескен өткеніміздің бай тәжірибесі ғана емес, сондай-ақ, бөлінбейтін ортақ тарихи болашағымыз бар ұлттардың жаңа ғажайып еуразиялық қоғамдастығы пайда болуына куәгерлер болып табыламыз.

Өркениетті елімізде білім берудің жаңа жүйелік жобалары құрылып, іске асырылып жатыр. Осыған орай ел басы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларында: «Бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет» деп айтқан-ды. Сол білім беруді дамыту ісі жеке тұлғаға рухани, мәдени-тарихи құндылықтарды, ғұрыптар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны, жолдары мен нысандары арқылы дәлдікпен білім нәрін құю болып табылады. Сондықтан да, өмірге жан-жақты дайындалған, еңбексүйгіш, ынталы, шығармашылықпен ойлай алатын, интеллектуалдық және адамгершілік тұрғысынан бай, жоғары білімді жеке тұлғаны оқытып-тәрбиелеу қажеттілігі, оны дамыту мәселесі өзекті.

Оқу үрдісінде музыкалық туындылардың жанрлық сипаттары мен тұрмыстану нысандарын пайымдау, халықтардың музыкалық-эстетикалық төл талғам-түсінігін анықтау және оны ғылыми-танымдық жүйеге түсіру, әсерлі, музыкалық мұра туындатушы халық композиторының өмірбаяндық дерегі мен шығармашылық ерекшелігін мұқият зерттеу, сөйтіп, жеке музыкалық туындылардың қасиетін ғана емес немесе жеке тұлғалардың шығармашылық өрісін ғана емес, әрбір тарихи кез-кезеңдегі мәдениеттің төл қасиеттерін парықтау сияқты өзекті мәселелерді талдау – оқушылардың адамзат тарихындағы ұлы музыканттарды танып, сезінуі, оларды құрметтеуі арқылы, жер бетін мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстарға деген бауырмалдықты оятып, татулық пен достықта өмір сүруге тәрбиелейді. Қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» әфсанасында айтылғандай, әлемдік деңгейде музыкатануды қауымдасып, біртұтас реттік жүйеде тереңдей зерттеу гуманизм идеясы арқылы жаһандық проблемаларды шешу құралына айналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. Күлтегін баспасы. – А., 2002ж. – 3б.
2. Ғасырлардан жеткен үн // Арай журналы. – А., №8, 1988ж. – 5б.

¹ Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестердің бүгінгі бағыты мен бағдары // Ақиқат журналы. №3, 2004. 29-31 бб.

3. Виноградов В.О. О музыкальной археологии // Советская музыка журналы, – М., №5, 1977. – 87бет.
4. Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың күй өнері. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002. – 24 бет.
5. Руда Зайкенова. Ақ жауын шайған дүние // Егемен Қазақстан. – А., 14.10.2016 жыл.
6. Қалиев С. Халық педагогикасы. – А., 2002. – 76б.
7. Құнанбаев А. Қара сөздері. – А., 2009. – 28б.
8. Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестердің бүгінгі бағыты мен бағдары // Ақиқат журналы. №3, 2004., 29-31бб.